

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты

Программалық инженерия кафедрасы

Мелисова Қарлығаш Ардақызы

Андройд платформасында онлайн түрде салондарға жазылу қосымшасы

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5B060200 – «Ақпараттану» мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты

Программалық инженерия кафедрасы


**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

ПИ кафедра меңгерушісі

тех. ғыл. кандидаты,

ассистент-профессор

 Р. Юнусов

" 20 "  2019ж.

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: Андроид платформасында онлайн түрде салондарға жазылу қосымшасы


5B060200 – «Ақпараттану» мамандығы


Орындаған

Мелисова Қ. А.

Ғылыми жетекші

Сениор-лектор

 Р. С. Алғожаева

" 17 "  2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институты

Программалық инженерия кафедрасы

5B060200 – «Ақпараттану»

**БЕКІТЕМІН**

ПИ кафедра меңгерушісі,  
тех. ғыл. кандидаты,  
ассистент-профессор

Р. Юнусов

"20" мамыр 2019ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушыға Мелисова Қарлығаш Ардаққызы

Тақырыбы: «Андройд плаформасында онлайн түрде салондарға жазылу қосымшасы»

Университет ректоры бұйрығының № 1841-б "14" наурыз 2019 ж. шешімімен бекітілген.

Орындалған жобаның өткізу мерзімі

"20" мамыр 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері: Жобаның төлқұжаты, технология бойынша техникалық құжаттама, техникалық тапсырма, жоба диаграммлары түрінде ақпаратты жинау, деректер қорына сақтау, тестілеу, тексеруге арналған программалық қамтамаларды жасау жүргізілген.

Есеп – түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтардың тізімі:

- a) тақырып бойынша талдау және есептің қойылымын жасау;
- b) жобаны жобалау және пәндік сала бойынша талдау;
- в) пайдаланушы интерфейсін жобалау және дамыту;
- г) бағдарламаны құру, деректерді қосу және тестілеу;

Графикалық материалдар тізімі (міндетті суреттердің нақты көрсетілуімен):

презентацияның 26 слайдпен берілген құжат түрінде ұсынылған.



Ұсынылған негізгі әдебиеттер: 10 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен



Дипломдық жобаны орындау  
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атаулары, зерттелген мәселелердің тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге ұсыну мерзімі	Ескерту
1. Диплом жұмысының жоспар құрылымын құру.	14.01.2019	жоқ
2. Тапсырма қойылымы және бағдарламалау ортасын таңдау	18.01.2019	жоқ
3. Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми теориялық материалдарды жинау және негізгі бөлім беру бойынша есеп беру жазбасын дайындау	01.02.2019	жоқ
4. Дипломның екінші бөлімі – жобалау сызбаларын дайындау.	15.02.2019	жоқ
5. Жобаның веб-қосымшасын тестілеуден өткізу.	18.03.2019	жоқ
6. Дипломдық жобаға түсіндірме жазба жазуды аяқтау	26.04.2019	жоқ

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілерінің аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңес берушілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Нормалық бақылаушы	Алибиева Ж. А. Сениор - лектор	16.05.2019	
Бағдарламалық бөлім	Сман Н. О. Ассистент		

Ғылыми жетекші



Р.С.Алғожаева

Тапсырманы орындауға қабылдап алған студент



Қ.А.Мелисова

Күні

«29» 04 2019ж.

## АҢДАТПА

Бұл дипломдық жобада сән салондарына онлайн түрде жазылуға арналған қосымша қарастырылады. Қосымша сән салондарының және оның қоладанушыларның уақытын тиімді үнемдеп, қызметін оңтайландыру мақсатында ұсынылған.

Қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды қолдана отырып, сән салонының қызметі мен талаптарын, қолданушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жасалған жоба.

## **АННОТАЦИЯ**

В этом дипломном проекте рассматривается приложение для онлайн записи в салоны красоты. Приложение представлено с целью оптимизации экономии времени и оптимизации деятельности салонов красоты и ее пользователей.

Проект, разработанный с целью удовлетворения потребностей пользователей, требований и функций салонов красоты с применением современных технологий.

## **ANNOTATION**

In this graduation project is considered an application for online recording in beauty salons. The application is presented in order to optimize the time savings and optimize the activities of beauty salons and its users.

The project is designed to meet the needs of users, requirements and functions of beauty salons with the use of modern technology.

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	8
1	Сән тарихына шолу	10
1.1	Сән және сұлулық туралы жалпы түсінік	10
1.2	Сәнге байланысты маңызды ұғымдар	11
1.3	Сән салоны	11
2	Мобильдік қосымша жасалып жатқан Android платформасының және Firebase мәлімет сақтау базасының ерекшелігі	13
2.1	Есептің қойылымы	14
2.2	Функционалдық талаптар	14
2.3	Функционалды емес талаптар	15
2.4	Интерфейсті талаптар	15
2.5	«BeBeauty - master» мобильдік қосымшасына ұқсас мобильдік қосымшаларға шолу жасау	19
2.6	“День и ночь” деп аталатын салонды сипаттау және дипломдық қосымшамен салыстыру	19
2.7	Дипломдық жобаны жобалау барысында сызылған диаграммалар	19
3	Дипломдық жобаны ұйымдастыру барысында мобильді қосымшаның прототипін жасау	23
3.1	Бағдарламаның деректер қорымен байланысуы	25
3.2	Пайдаланушылардың мобильдік қосымшаны қолдануы	28
	Қорытынды	36
	Пайдаланылған әдебиеттер	37
	А қосымшасы. Бағдарлама мәтіні	38
	Спецификация беті	47



## КІРІСПЕ

Мен Мелисова Қарлығаш Ардаққызы, дипломдық жоба жұмысының тақырыбына ХХІ ғасыр талабына сәйкес “Android платформасында онлайн сән салондарына жазылу қосымшасы” атты тақырып таңдап алдым. ХХІ ғасыр технология заманы болғандықтан, мен көптеген әйел және ер адамдардың уақыттын үнемдейтін қосымша құруды ұйғардым. Себебі, қазіргі заманда барлық адамзат баласынан ұялы телефон, планшет, ноутбук және осы заман талаптарына сай келетін кез-келген заманауи техникалар көреміз.

Мен дипломдық жобаны қарқынды түрде дамып келе жатқан Android платформасына жасауды ұйғардым. Осы сұлулық салондары шоғырланған қосымша көптеген адамдардың уақытын үнемдеп дұрыс пайдалануына септігін тигізеді деген үміттемін. Осы Android операциялық жүйесі қазіргі беделді телефондар модельдерінде орналасқан, олар: Samsung, Sony Xperia XZ2, Nokia, Xiaomi сияқты ұялы телефондарда осы операциялық жүйесімен жұмыс жасалады.

Елбасымыз атап көрсетіп кеткені “Қазіргі заманда біз жастарға технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру қажет” – осы біздің жас ұрпақтарымызға білім беру жолында осы заманауи ақпараттық технологияны тереңдетіп оқытып және тиімді тәсілдерді үйретудің жолдарын арттыра түсу қажет.

Жазып жатқан дипломдық жобаның мақсаты, ол: “Android платформасында сән салондары шоғырланған қосымша құру” болып табылады. Мен бұл тақырыпты таңдаудағы түпкі мақсат, ол адамдардың уақытын үнемдей отырып, әдемі болып жүруге талпыну. Осы қосымшада, барлық сұлулық салондары шоғырланып, осы салондардың адамдар қайсысы жақын орналасқан тұратын жеріне, қай салонның бағасы өзіне қолайлы екенін көре алады. Қосымшаны толықтай бітірген сәтте, ол жерде мына функциялар болады: ең алдымен авторизация жасау, сән салонын таңдау, процедура таңдау, жақын сән салонын таңдау, қолайлы уақыт таңдау, жазылу немесе қоңырау шалу. Осы процедуралардың бәрі бір қосымшаға шоғырлану мақсат болып табылады.

Осы қосымшаны жасап және мақсатқа жету үшін мына талаптарды ескеру қажет:

- дипломдық жоба тақырыбын тереңінен зерттеу;
- мобильдік қосымшаны жасау барысында қарапайым етіп жасау;
- қосымша ішіне маңызды бөліктер қоса отырып, қосымша дизайн жағын әдемі етіп жасау;
- қосымшаны жүйелі түрде жасап шығу.

Осы дипломдық жоба жазу барысында жан-жақты мәлімет қарап, басқа қосымшалардан қандай айырмашылықпен ерекшеленетінін ескеру. Дипломдық жоба жазу барысы, осы жылдар бойы алған білімді көрсете білу болып табылады. Сондықтан, осы жасап жатқан қосымшаны көптеген қолданушыларға көмегін берсе деген үміттемін.

Бұл бағдарламалық қамтама Android операциялық жүйесі негізінде сән салонына баратын адамдарға салонға жазылу қамтамасын құру. Бұл бағдарламалық қамтама пайдаланушының белгілі бір салонға жазылуына көмектеседі.

## 1 Сән тарихына шолу

### 1.1 Сән және сұлулық туралы жалпы түсінік

Ең алдымен сән ұғымы кейбір деректерге сүйене отырып қарастыратын болсақ, басылымдарда “сән” және “мода” деген сөздер 1913 жылы пайда бола бастады делінеді. Бірақ бұндай дерек көздеріне қарамастан осы сән әлемі ресми және нақты түрде 1947 жылы келген екен.

Мен таңдаған дипломдық жоба тақырыбы сәнге тікелей қатысты болғандықтан, сән туралы мәліметтермен таныстым. Ең алдымен сән (modus деген латын сөзінен шыққан) - өлшем, тәсіл, іс - қимыл бейнесі. Сән дегеніміз талғамның уақытша үстем болуы және әлеуметтік құбылыс болып табылады.

Қазіргі заман талабына сай келу үшін кез - келген адас баласы сұлулық салондарына міндетті түрде барып тұрады және сол үшін мен осы Android платформасында жасалатын сән салондары шоғырланған қосымша жасап шығаруды алдыма мақсат етіп қойдым.

Әйел баласы болсын, ер адам болсын, қай заманда немесе қандай ұлт өкілі болсын әр уақытта әдемі және көрікті болып жүргісі келеді. Сұлулық рецептері заманнан заманға мұқият жинала келе, сақталып сол рецептер ұрпақтан - ұрпаққа жетіп отырады. Менің осы жасап жатқан Android платформасындағы қосымшамды кез - келген азаматша мен азамат әдемі және тартымды болып, уақыты тапшы тұлғаларға көмек ретінде жасап жатырмын, сондықтан мен осы тақырыпты таңдап алдым.

Қаладағы әрбір сән салондарында теріге, денеге дұрыс күтім жасау әйел сұлулығының маңызды бөлігі болып табылатын процедуралары бар, себебі сауатты тері күтімі теріге нәзік және тартымды кейіп береді және дене күтімі жұқа, әдемі фигураны алуға мүмкіндік туғызады. Бет және денеге арналған тері күтімі - үйде, сұлулық салонының көмегімен бет терісін және дененің тері күтімін қалай дұрыс жасау керектігі туралы мәліметтерді осы жасалып жатқан қосымшадағы салондар ұсынатын процедураларды көре аласыз.

Әрбір азаматша мен азамат стильді және сәнді шашты қалайды. Ежелгі уақыттан бері осы шаш үлгісі сән әлемінің ажырамас бөлігі болып табылып отыр. Сұлулық тақырыбына қосып айтар дүниелер өте көп. Мысалы, сән салондарда қазіргі заманда түрлі процедуралар бар, олар, бет әлпетті әрлеу, кірпік жалғау, денедегі артық заттарды кетіру, шаш үлгісін өзгерту және кесу, маникюр жасау қол тырнағына және педикюр жасау аяқ тырнағына, шаш бояу, ер адамдардың және кішкентай сәбилердің шашын алу тәрізді қызметтер толып жатыр.

## **1.2 Сәнге байланысты маңызды ұғымдар**

Осы күнге дейін келе жатқан сән мен сұлулыққа қатысты маңызды ұғымдарды атап кетуге болады менің дипломдық тақырыбым осы тақырыпқа тікелей қатысты болғандықтан. Ең алдымен ол әрине бет, яғни тері күтімі. Сол әр қыз - келіншектің бетін әрлеу сау беттің табиғи жарқырауы болып табылады. Табиғат адам бет терісін жаратқанда тегіс әрі әдемі етіп жаратқан. Сау бетке қарайтын болсақ, ол сәл қызарып, жарқырап, терінің таза әрі тірі екені байқалып тұрады.

Ең алдыңғысы бет терісі болса, келесі орында әдемі жалпақтау келген қастар сәнде. Яғни, жаратылған қасты жұлмай, сол әдемілігін сақтау. Сонымен қатар сән салондарда осы қас қызметі өте кең ауқымда дамып жатыр, сол себептен жалпақтау келген қасты одан әрі жалпағырақ етіп тастамау керек. Бар болғаны сұлулық салонына барған кезде, максималды түрде қас формасын өзіңізге жарасатындай етіп жасап бергені. Жасап жатқан мастер сіздің бет келбетіңізді және ерекшеліктерін ескеруі қажет.

Келесі сұлулықтың бөлігі болып табылады, ол көз макияжы. Көз макияжына сәйкес келетін бояу, ол көздің үстін қара түсті қарандашпен сызу және табиғи бояуларды қолданған жөн. Көзді бояп болған сәтте, көзіңізге кішкене улкейтіп тұратындай эффект беріп тұру үшін туш қолдансаңыз болады.

Келесі кезек ерін. Ерінді әдемілеп бояп және кішкене екпін беруден қорықпасаңыздар болады. Бірақ ерін бояған сәтте нәзік әрі ашық түстер қолданған абзал болады. 2019 жылы ерін түсі киіміңіздің түсіне сәйкес келетін болса сәнді болып жүргеніңізге күмән келтірмеңіз.

## **1.3 Сән салоны**

Менің таңдаған дипломдық жұмыс тақырыбым осы сән салондарына тікелей қатысы болғандықтан, осы сән салонын ашудағы басты мақсаттарды атап өтемін. Менің қосымшамдағы ерекшелік көптеген осындай салондардың жұмысын жүргізуге ықтималдық туғызады деген үмітте жасаудамын және адамдар уақытын үнемдеп өздеріне жақын орналасқан және бағасы қолайлы сән салондарын қосымшадан таба алады.

Сұлулық сән салонын ашудың басты мақсаты болып табыс және пайда табу ғана болып табылмайды, сонымен қатар тұтынушылардың сеніміне кіре отырып, жоғары сапалы қызмет көрсету, сол сән салондардың қонақтарының қажеттілігін қанағаттандыру және қызмет көрсету саласында беделді орынға ие болу болып табылады.

Сән салонының дамуының алғашқы көрсеткіштері болып:

- сапалы түрде тұтынушыларға қызмет көрсете алу;

- сұранысқа ие тауармен тұтынушыларды қамтамасыз ету алу;
- салон ашылған жерлерде жаңа жұмыс орындарының пайда болуы.

Сән салонында көрсетілетін қызмет түрлері:

- шаштараз қызметтері, ол шашты жасанды өсіру, шашты бояу, шашты кесу, әр түрлі шаш үлгілерін жасау болып табылады;
- косметология қызметіне бетті тазарту, бетке күтім жасау;
- тұтынушы талабы бойынша тырнаққа әр түрлі деңгейде қызмет көрсету болып, тырнақты модельдеу жұмысын жасау және жасанды тырнақ өсіру, маникюр, аяқ тырнағына педикюр жасау;
- қасқа жасалатын процедуралар, татуаж, пегментті макияж тәрізді және қасыңызға табиғи түр беру;
- визаждық қызмет көрсету қызметі кіреді, ол яғни макияж деп аталады. Макияждың, табиғи және кешкі макияж, беттің формасын түрлі әдістер қолдана отырып макияж жасап беру;

Сән салоны қазіргі заманда кез - келген адамға сұлу және көрікті болып жүруіне көмек көрсетеді. Сондықтан, мен осы дипломдық жоба қосымшасын әрбір адамға қолайлы етіп жасаймын. Көптеген қолданушылар болатынына сенемін.

## **2 Мобильдік қосымша жасалып жатқан Android платформасының және Firebase мәлімет сақтау базасының ерекшелігі**

Мен дипломдық жобаны Android платформасында жазуды шешкен себебім, менің дипломдық жобам көптеген адамдарға ыңғайлы қолданыста болғанын қаладым. Сондықтан кішігірім осы Android платформасына қысқаша шолу жасап кетемін. Не себептен тура осы платформаны таңдады десеніз, мен осы қосымшаны бүкіл әлемдегі миллиондаған пайдаланушылар қолжетімді түрде қолданса екен деген мақсатпен таңдап отырмын. Бағдарламаны тестілеуден кейін жариялағым келеді. Ашық платформада жұмыс істегім келгендіктен осы платформада дипломдық жұмыс қосымшасын жасап шығаруды ұйғардым. Айтып кеткендей Android операциялық жүйесі ашық платформа болып табылады. Сондықтан ол бір өндіруші немесе провайдерге байланысты емес болып келеді. Ашық платформа Android платформасында жасалған қосымша нарықты тез жаулап алуға мүмкіндік береді. Барлық қосымша өндірушілер және провайдерлер Android құрылғыларын жасап, сата алады. Осы Android платформасында жұмыс жасаған сәтте ең қолайлы нарсе, ол қосымша құру барысында көптеген кітаптар көмекке келеді, кез - келген мәліметтерді интернет желісінен таба алдым. Оқуға ешқандай тыйым жоқ. Осы платформада пайдаланушыға ыңғайлы интерфейстер жасай алдым. Android операциялық жүйесі әртүрлі құрылғыларда жұмыс істей алады және түрлі өлшемдер беру арқылы телефон экранына қолайлы форма жасай отырып жасалынады. Қолданба жұмыстарына байланысты экран өлшемі және ажыратымдылығы, Android түрлі экрандық параметрлерге бейімделген қолданбаларды жасауға көмектесетін құралдар жиынтығымен келеді.

Firebase мәліметтер базасы 2011 жылы Andrew Lee мен James Templin н қалаған американдық компания және бұлтты сервистерді жеткізуші болып табылады. Негізгі қызметі болып, бағдарлама құрушыларға бірнеше пайдаланушы арасында деректер сақтауға, сонымен қатар синхрондауға мүмкіндік беретін NoSQL бұлт дерекқоры болып табылады. Android пен iOS операциялық жүйелеріне арналған қосымшалармен интеграциялау ерекшеліктері қолданады, API JavaScript және Java, Node.js бағдарламаларында іске асырылады. Firebase NoSQL бұлт дерекқоры сапалы қосымшаларды жасауға және пайдаланушылар аудиториясын көбейтуге көмектеседі. Firebase NoSQL бұлт дерекқоры қолданбаның көптеген қажет мүмкіндіктерін және соның ішінде ұялы байланыс қызметтері үшін сервер кодын, сонымен қатар статистиканы және аудиторияны монетизациялау және кеңейту құралдарын қамти алады. Firebase NoSQL бұлт дерекқорында әзірлеуші пакет интуитивті API интерфейсін біріктіреді және жеке пакеттерді басқару қажеттігін жоққа шығарады. Мен өзіме ғана қажетті нәрсені таңдай отырып, шешімді пайдалана аламын. Артықшылықтарын атап кетер болсам: жұмыстың жылдам түрде орындалуы. Күрделі инфрақұрылымдармен жұмыс жасау қажеті жоқ,



пайдаланушы қажеттіліктеріне баса назар аудара аламын, кросс - платформа болып табылады және масштабтау.

## **2.1 Есептің қойылымы**

Мен бастап жатқан дипломдық жоба қазіргі заманның талаптарына сай, заманауи технологияларды қолдана отырып, әйел азаматшаларына қызмет көрсетудің аса бір маңызды болып табылатын, сән салонындағы қызметтерге жазылу жұмысын жеңілдетуге, қызметтерге жазылып, азаматшалардың өздерін күтуге және сұлу болып жүруіне осы мобильдік қосымшаны жасаудамын.

Бұл дипломдық жұмыста сән салоны қызметтерімен айналысатын салондарға барынша тиімді және ыңғайлы мобильдік қосымша жасауды іске асыру мақсатында, Firebase деректер қорын басқару жүйесіне, Android studio және Java бағдарламалау тіліне жалпы шолу жоғарыда жасалынды.

Осы жазып жатқан дипломдық жобада сән салонының мобильдік қосымшасы құрастырылып, келесідей мақсаттарды алдыма қойдым және қойылған мақсаттар міндетті түрде орындалуы қажет:

- мобильдік қосымшаны жазып болғаннан кейін және қолданысқа ие болған соң, авторизация жасауы;
- пайдаланушы сән салонының қызметтерімен танысуы;
- пайдаланушы сән салонындағы қызметке жазылуы;
- пайдаланушы осы мобильдік қосымша арқылы пікір қалдыруы;
- осы мобильдік қосымша арқылы өзіне ұнаған сән салонын таңдауы;
- веб қосымшаның қолданушыларының құпия сөздің тексерілуі.

Мобильдік қосымшаның дұрыс жұмысын қамтамасыз ету керек. Осы дипломдық жоба қосымшасын міндетті түрде жақсы ойластырып, ұйымдастырып және түсінікті жүйесі болуын қадағалап және зерттеп жазамын.

## **2.2 Функционалдық талаптар**

Негізгі функционалды талаптар болып жобаның заманауи бағдарламалық платформалар негізінде жасалуы. Қосымша жасау барысында артықшылықтарын арттырып және кемшіліктерін жоюға тырысамын. Дипломдық жобаны жүзеге асыру барысында көптеген жаңа технологиялармен танысамын. Қосымша барлық Android операциялық жүйесінде жұмыс жасайды. Деректер қорымен байланыс жасау үшін бұлттық Firebase сервисін пайдаланамын.

## **2.3 Функционалды емес талаптар**

Бұл дипломдық жоба тақырыбын “Ақпараттану” мамандығына арнап таңдалғанымен, басқа мамандықтарға сәйкес келсе, бұл жоба кең ауқымды болар еді, сондықтан солай етіп жасауға тырысып көремін.

## **2.4 Интерфейсті талаптар**

Ең алдымен пайдаланушыға жұмыс жасауға қолайлы және қол жетімді етіп жасалынуы тиіс. Көп пайдаланушыларға ұнайтын дизайн үлгісін қарастырып жасау керек.

Пайдаланушы интерфейсінің өңдеу этаптары болып:

- ең алдымен пайдаланушы тіркелуі және пайдаланушының толықтай осы қосымшамен жұмыс жасауы;
- пайдаланушы беттерді ауыстырған сайын, әр бетте түсіндірулер болу керек;
- міндетті түрде экран дизайнының жақсылап жасау керек;
- жүйелік меню қатарын өңдеу;
- терезелер орналасуын толықтай өңдеу;
- дизайнға қажет түстерді таңдау.


## **2.5 «BeBeauty - master» мобильдік қосымшасына ұқсас мобильдік қосымшаларға шолу жасау**

Бәріміз білетіндей қазіргі заманда кез-келген адам мобильдік телефонсыз жүрмейді. Кез - келген адам мобильдік қосымша арқылы өз уақытын үнемдеуге тырысады және өзіне қажетті қосымшалардың осы ұялы телефондарында болғанын қалайды. Менің сән салондары шоғырланатын, яғни сән салондарға арналған қосымша құрып жатқан себебім, бұл қосымша әр азаматша мен азаматтарға үлкен көмегін тигізеді деген мақсатпен жасаудамын. Қай салада болмасын, кез-келген компания болсын, үлкен магазин немесе түрлі мекемелерде өздерінің жеке веб қосымшалары немесе мобильдік қосымшасы бар. Олар осындай мобильдік қосымшаның көмегімен адамдармен қарым-қатынас орнатады және өздерінің қызметін, тауарларын таныстырады. Ендеше біздің құрмақшы болып отырған «BEBEAUTY» мобильдік қосымшасына ұқсайтын мобильдік қосымшаларға талдау жасап көрейін.

<https://zapis.kz/> - бұл веб қосымша сән салондарына жазылуға арналған веб қосымша. Бұл веб қосымшада сән салоны қызметінің түрлері анық және жарнамалық терезесінде көрсетілген, оның түрлері:


- шаш үлгісі;
- тырнақ сәндеу;
- депиляция процедурасы;
- визаж жасау;
- косметология;
- СПА процедурасы.

Веб қосымша дизайны тақырыпқа сай жобаланған. Бір беттен бәрін көруге болады, қызметтің барлық түрлерін бірден табуға болады және осы веб қосымша арқылы тіркелуге болады. Интерфейс түсінікті жасалған, қазақ, ағылшын және орыс тілінде жасалған. Жалпы басты беті 2.1 - суретте көрсетілген.




**2.1-сурет – <https://zapis.kz/> веб қосымшасы**

Сән салондарына осындай веб қосымшалар өте көп, бірақ мобильдік қосымшалар қарастырылып жасалмаған. Тура осы <https://zapis.kz/> веб қосымшаның мобильдік қосымшасы қарастырылған. Бұл мобильдік қосымшаның құрылымын сипаттап кететін болсам, бұл мобильдік қосымшаны App Store бағдарламасынан көшіресіз. Көшіріліп болған сәтте, авторизация жасалады. 2.2 - суретте көрсетіледі. Кірген кезде бірінші интерфейсте қандай процедура керек соны көріп таңдап және іздей аласыз. 2.3 - суретте көрсетіледі. Екінші интерфейсте қандай салонда жасағыңыз келеді және қай сән салоны жақын орналасқан көре аласыз, яғни бұл жерде салонды таңдай аласыз. 2.4 - суретте көрсетіледі.



**2.2-сурет – Авторизация**

Кірген кезде бірінші интерфейсте қандай процедура керек соны көріп таңдап және іздей аласыз. 2.3 - суретте көрсетіледі.



**2.3-сурет – Процедура түрлері**


Екінші интерфейсте қандай салонда жасағыңыз келеді және қай сән салоны жақын орналасқан көре аласыз, яғни бұл жерде салонды таңдай аласыз. 2.4 - суретте көрсетіледі.



**2.4-сурет – Салон таңдау**

## **2.6 “День и ночь” деп аталатын салонды сипаттау және дипломдық қосымшамен салыстыру**

<https://deninoch.kz/> - веб қосымшасының бірінші беті, осы жерден көріп тұрғаныңыздай барлық салондардың жеке - жеке сайттары бар. 2.5 - суретте көрсетілген. Бірақ толықтай барлық салондарды бір қосымшадан табу мүмкін емес. Бұл веб қосымшада өздері туралы мәлімет және жаңалықтары мен қызметтері көрсетілген. Әрине бұл веб қосымша жақсы, бірақ дәл осы заманда кез - келген адам өзімен мобильді телефон ұстайды және пайдаланушыға мобильдік қосымша қолданған ыңғайлы болып табылады.



## 2.5-сурет – <https://deninoch.kz/> веб қосымшасы

Қорытындылай келе, менің жасап жатқан қосымшамның ерекшелігі, ол дизайн жағынан көздің жауын алатындай болады. Тағы қосып кететін нәрсе, салонға баратын жолды картадан көре алады, сән салонында қай уақытқа орын бос және қай уақыт ыңғайлы сол уақытқа жазылады. Кез - келген салондағы процедуралар толық көрінетін болады. Әсіресе әйел адамдарға қолайлы қосымша. Мен “Сән салондары шоғырланған мобильдік қосымша құру” атты тақырыпты таңдау себебім дәл осы тақырыпқа көңіл аз бөлінгендіктен, әйел адам өміріне қажет қосымша ойлап табу болды. Тағы да, менің жасап жатқан Android платформасындағы қосымша ерекшелігі, Android операциялық жүйесінде толық жұмыс істей алады. Сонымен қатар кез - келген пайдаланушы өз уақытын үнемдей отырып онлайн түрде салондарды таңдап, белгілі бір уақытқа жазылып, сол салондарды салыстыра отырып бағасы жағынан тиімді, әрі қай салон жақын орналасқанын көре отырып пайдалы уақыт үнемдеу барысында салон қызметіне жазылады.


## 2.7 Дипломдық жобаны жобалау барысында сызылған диаграммалар

Бұл диаграммаларды Rational Rose диаграмма құру ортасында диплом жобалау барысында жасадым. Rational Rose диаграмма құру ортасы құрастырушыны нақты уақытта үлгеруге және клиент - сервер орталарында қолдануға жарайтын қазіргі кездегі бизнес талаптарын қанағаттандыратын тиімді және сенімді шешімдерді қабылдауға көмектесетін визуалдық модельдеудің толық құралдар жиынымен қамтамасыз етеді. Диаграмманың мақсаты: тапсырыс берушіге және соңғы пайдаланушыға, әзірлеушіге жобаланған немесе қолданыстағы жүйені бірлесіп талқылауға мүмкіндік беретін функционалдық және мінез-құлық сипаттамасы болып табылады. Бұл екі диаграммада бағдарламадағы функцияларды атқаратын қызметтерін және




олардың өзара қарым-қатынастары сызба түрінде берілген. Бір қарағанға барлығы түсінікті әрі қарапайым көрінеді. Бағдарламаны осы диаграммадан басқа диаграммалар арқылы тереңдете түсіндіруге болады.

2.6 және 2.7 суреттер - Қолдану варианттар диаграммасы. Актёрлер, әрекет жасаушы объект болып табылады. Бұл диаграмма арқылы біз кім қандай іс-әрекет жасағанын білеміз.




**2.6-сурет – Бұл жерде администратордың атқаратын әрбір жұмысы көрсетілген**




**2.7-сурет – Бұл суретте қолданушының атқаратын қызметтері көрсетілген**

Класстар диаграммасы дегеніміз - бұл диаграмма объектілі бағытталған программалаудың класстар терминологиясындағы программалық жүйелердің статистикалық құрылымын көрсетуге арналған болып есептелінеді. Класс диаграммасы осы келесі суретте көрсетілген.




2.8-сурет – Класс диаграммасы

Орналастыру диаграммасы ағылшын тілінен Deployment diagram болып табылады және UML диаграммасының түрі болып табылады, ол жүйе архитектурасын көрсететін, оның ішінде аппараттық немесе бағдарламалық жасақтама жұмыс ортасы сияқты түйіндерді және оларды қосатын аралық бағдарламаны осы диаграмма көрсетеді.



2.9-сурет – Орналастыру диаграммасы


Тізбек диаграммасы бұл белгілі бір уақыт кезіндегі объектілердің белгілі бір жиынтығы, белгілі бір объектінің өмірлік циклі және белгілі бір заңды тұлғаны жою - жасау қызметі белгілі бір прецедент сұрау жіберу және жауап алу диаграммасы болып табылады.




**2.10-сурет – Тізбек диаграммасы**

### 3 Дипломдық жобаны ұйымдастыру барысында мобильді қосымшаның прототипін жасау

Бұл жерде мен, дипломдық жобадағы жасалатын қосымшаның дизайны қандай болғаны дұрыс, қандай түстер қолдану керек, қандай дизайн әдемі және тартымды көрінеді, соны белгілі <https://moqups.com/> сайтынан үлгісін жасадым. Бұл сайтта біз өзімізге ұнайтындай қылып, кез - келген дизайн үлгісін жасай аламыз. Мен 3.11 - суретте осы сайтты жасаған дизайн үлгісінің, яғни қосымшаның алғашқы беті болып табылады. Алғашқы бетінде, пайдаланушы қосымшаны өз мобильдік телефонына жүктеп алғаннан кейін, қосымша қосылу уақыты, одан кейін толықтай қосылған соң, осы мобильді қосымшаға тіркелу керек болады. Осы 3.12 - суретте мен қосымшаның жүктелген уақыты мен пайдаланушының тіркелу жұмыстарын жүргізетін бет дизайнын осы <https://moqups.com/> сайтта жасадым. Бұл сайттың ең алғашқы тіркелмей тұрғандағы беті. 3.12 - суретте көрсетілген.



3.11-сурет - <https://moqups.com/> сайтының алғашқы беті



**3.12-суретте – Осы <https://moqups.com/> сайтта дизайн үлгісін жасап көру жұмыстары**

Астында сипаттайтын суретте пайдаланушы тіркелгеннен кейін, осы пайдаланушының сән салондарын таңдау беті ашылды. Бұл жерде көріп тұрғандай, сән салондар тізімі тұр. Бұл жерде кез - келген сән салонының суретін қойып қойса болады. Бұл 3.13 - суретте көрсетілген.




**3.13-сурет – Бұл суретте пайдаланушы тіркелгеннен кейін, осы пайдаланушының сән салондарын таңдау беті ашылды**

### 3.1 Бағдарламаның деректер қорымен байланысуы


